

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Университеттің Академиялық
комитетінде (ҒӘК) бекітілді
хаттама № 6 «22» маусым 2020 ж.

Оқу жұмысы жөніндегі проректор
_____ А.К. Хикметов
« _____ » _____ 2020 ж.

**«8D03206 – КІТАПХАНАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D032 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сәйкес дайындалған

Бағдарламаны дайындағандар: т.ғ.к., аға оқытушы Т.Н. Мухажанова, т.ғ.к., доцент Сабденова Г.Е.

Бағдарлама дүниеүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде қаралды
Хаттама № 38, «26» мамыр 2020 ж.

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі _____ Г.С. Сұлтанғалиева

Тарих, археология және этнология факультетінің әдістемелік Бюро мәжілісінде мақұлданды
Хаттама № 10, «29» мамыр 2020 ж.
Әдістемелік бюро төрайымы, т.ғ.к. профессор м.а. _____ Ұ.М. Жолдыбаева

Ғылыми Кеңес мәжілісінде бекітілді
Хаттама № 10, «29» мамыр 2020 ж.

Ғылыми Кеңес төрағасы, факультет деканы _____ М.С. Ноғайбаева

Ғалым хатшы _____ Г. Абикенова

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша оқуға түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері

«8D032 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша докторантураға түсуші тұлғалар үшін түсу емтихандары кітапханатану және библиографиятану білімінің негізгі аспектілері бойынша жалпы білім деңгейін анықтауға бағытталған. Емтихан сұрақтары кітапханатанудың, библиографиятанудың аса маңызды мәселелерін, кітапханатану, библиографиятану саласындағы ғылыми білімнің даму перспективаларын және басқару мен кітапхана ісінің қорларын сақтауды қамтамасыз етудің даму тенденцияларын қамтиды.

Түсу емтиханының мақсаты талапкердің кәсіби құзыреттілік деңгейін, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметке бейімділігін, жалпы тұлғалық мәдениетін және докторантурада оқуға дайындығын анықтау болып табылады.

Докторантураға түсу емтиханының міндеттері:

- үміткердің жоғары деңгейдегі кітапханатану жүйесін ұйымдық жобалаудың және кітапхана ісі ұйымдық дамудың негіздерін білетіндігін анықтау;
- кітапхана қорын қалыптастырудың негіздерін және кітапхана ісін ұйымдастыру дамуының әдіснамалық негіздері туралы кәсіби білімдерін көрсету;
- кітапханатану және библиографиятанудың теориялық аспектілерін талдау;
- отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне негізделген кітапханатанудың негізгі мәселелерін шешуде теориялық тәсілдердің алуан түрлілігін жүйелеу;
- құжаттарды іріктеу теориясы. Кітапхана қорын қалыптастырудың теориясы. Н.А. Рубакиннің, Л.Б. Хавкинаның, К.Н.Деруновтың, А.А. Покровскийдің еңбектеріндегі іріктеу теориясының өңделуін негіздеу
- кітаптану және библиографиятану бойынша көптеген даулы мәселелерді өзіндік тұрғыда қарастырып, жүйелей білу;
- берілген сұрақтарға жауап беруде жалпы ғылыми дедукция, индукция, синтез, талдау, аналогия әдісі, ретроспекция, өзектілендіру сияқты әдістерін пайдаланудағы эвристикалық және аналитикалық мүмкіндіктерін көрсету;
- ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін құру, пайдалану және жетілдіру қағидалары жүйелеу;
- өз ойын логикалы, дәлелді, дәйекті жеткізе алу, шенешдік өнері мен өз пікірін қорғай алу мүмкіндігін көрсету.

Эмтихан формасы – (ауызша, жазбаша эссе)

2. «8D03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша PhD докторантураға түсушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талап

Қазақстан Республикасының жалпыға білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламаларын игергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейі – магистратура.

Компетенциялар:

- отандық және шетелдік
- кітапханатану және библиографиятану ғылымдарының даму үрдісі туралы жүйелі көзқарасы болу;
- ақпараттық-құжаттамалық қамтамасыз етудің және кітапхана ісінің даму үрдістерін анықтау; кітапханалық ақпараттық анықтамалық-іздеу құралдарын құрастырудың принциптері мен әдістерін қолдану; кітапхана ісін басқарудағы алдыңғы қатарлы шет елдік тәжірибені пайдалану;
- кітапханатану және библиографиятану ғылымдарының теориялық-методологиялық негіздерін білу, кітапханатанулық, ақпараттық жүйелердің әртүрлі мектептерінің тұжырымдамаларын талдау;
- ретроспективті ақпаратты талдау, жүйелеу және қорыта алу;
- мамандық бойынша қажетті терминологиялық және лексикалық білімі болу;

- кітапханалық ақпараттық басқару жүйесін рационалды жобалауды және нақты ұйымдағы кітапханаларда кітаптарды сақтауды талдау;
- құжат айналымын басқару жүйесін зерттеу, талдау және жобалау әдістерін қолдану;
- заманауи әлемде және тәуелсіз Қазақстанның рухани жанару үдерісіндегі әлеуметтік жауапкершілікті кітапханашы кәсібінің маңызын түсінуі тиіс.

Емтихан сұрақтарына жауаптарды баяндау кезінде ескерілетін болады:

- кітаптарды сараптау және іріктей білу, маңызды, ретроспективті ақпараттың мәнін ашу;
- жүйелілік, бірізділік, баяндау қисындылығы;
- жинақтау мен қорытындылардың дәйектілігі;
- түпнұсқалық, шығармашылық даралық, үміткердің интеллектісі;
- кітапханатану мен библиографиятанудың маңызды даулы мәселелеріне қатысты өз ұстанымын қалыптастыра білу.

3. «8D03206– Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығы докторантурасы білім беру бағдарламасының пререквизиттері:

1 Кітаптану, кітапханатану және библиографиятанудың теориялық-методологиялық негіздері/Теоретико-методолгические основы книговедения, библиотековедения и библиографоведения 3 кредит

2 Кітапхана қорын ұйымдастыру және модернизациялау / Организация и модернизация библиотечного фонда - 3 кредит

3 Ақпараттық байланыс және дизайн / Информационное взаимодействие и дизайн - 3 кредит

4. Емтихан тақырыптарының тізімі

1. «Кітапхана қорын ұйымдастыру және модернизациялау» курсының Емтихан сұрақтары

Кітапхана қорын қалыптастырудың негіздері. Кітапхана қорын қалыптастырудың (КҚҚ) негіздері. Кітапхана қорын қалыптастыру: мәні, мақсаты, маңызы. Ю.В. Григорьев және кітапхана қорын қалыптастыру теориясының пайда болуы. Кітапхана мақсаттарының тұтынушылардың қажеттіліктеріне сәйкестігі заңын өңдеудегі Н.С. Карташовтың, Ю.Н.Столяровтың қосқан үлесі. Кітапхана қорын қалыптастырудың мазмұны. ҚР кітапханаларының КҚҚ қазіргі күнгі ағымдары.

Құжаттарды іріктеу теориясы. Кітапхана қорын қалыптастырудың теориясы. Н.А. Рубакиннің, Л.Б. Хавкинаның, К.Н.Деруновтың, А.А. Покровскийдің еңбектеріндегі іріктеу теориясының өңделуі. Құжаттарды іріктеу: алғашқы екінші қайтара. Іріктеу сапасының критерийлері. Іріктеудің нәтижелік критерийі - ең аз еңбек уақыт шығыны. Іріктеудің жеке критерийлері. Кітапхана қорының толықтығы: артық, кем, жеткілікті және салыстырмалы. Кітапхана қорының ақпараттық және құжаттық толықтығы. Кітапхана қорының өзегі: құрамы, көлемі, жаңаруы. Көпшілік кітапхана қорының өзегінің, ғылыми және арнайы кітапхана қоры.

КҚҚ технологиялық цикл ретінде. Кітапхана қоры - ғылыми түсінік ретінде. Цикл, процесс, жұмыс операциясы түсініктері. КҚҚ циклінің технологиялық құрлымы. КҚҚ автоматтандырылған технологиясы: толық, жарым жартылай. КҚҚ технологиясына қойылатын талаптар. Кітапхана қорын модельдеу. К.Н.Деруновтың, Н.А.Рубакиннің

О.С.Чубарьянның сипаттама моделдерінің теориясы. Г.И.Чижкованың, В.И.Терешиннің «кітапхана қор моделдерін» өңдеуге арналған тәсілдері. Кітапхана қоры моделдерінің түрлері: сипаттама, математикалық, библиографиялық, құрылымдық. КҚК принциптері. КҚК принциптерін өңдеу проблемасы тарихынан. Талғап алу (селективность)- КҚК-дың маңызды принципі. Үйлесімдік (конгруэнтность)- КҚК жалпы әлеуметтік принципі. Кескінделу үйлестіру: кітапхана тұтынушылардың қажеттіліктерінде жалпы, ерекше және жеке есеп. Жүйелілік - КҚК ұйымдастыру принципі.

Кітапхана қорын орналастыру, сақтау және пайдалануды ұйымдастыру. Кітапхана қорын орналастыру: мақсаттары мен факторлары. Қор қоймасының көлемдік - кеңістіктік композициясын таңдау. Қорды орналастырудың архитектуралық-жоспарлық шешімдердің варианттары: көлденеңдік, тіке, аралас. Қорды ашық пайдалануда орналастыру. Дүкеннің қор қоймасында қорды орналастыру. Кітапхана қорын орналастыру: түсінігі, мағынасы, міндеттері. Кітапхана қорын орналастыру тәсілдері: семантикалық формальды. Семантикалық (маңызды) орналастыру: жүйелік, тақырыптық, пәндік. Формальды орналастыру: алфавиттік, хронологиялық, географиялық, форматтық. Құжаттарды жеткізу. Оған қойылатын талаптар. Кітапхана ғимараттарын жоспарлау, қорды жайғастыру, қатынас жолдарды ұйымдастыру, құжаттарды тасымалдау. Есепке алудың мәні, функциялары. Есепке алуға қойылатын талаптар: міндеттілік, үздіксіздік, дәлдік, ұқыптылық, шапшаңдық, есеп бірліктерін үйлестіру мен тұрақтылығы. Есепке алудың түрлері: біріктірілген және сараланған. Біріктірілген есептің формалары: кітапхана қорының есеп кітабы. Сараланған есеп: инвентарлық кітап. Кітапханалық және бухгалтерлік есеп. Кітапхананың қорын толықтыру мен құжаттарды өңдеуді автоматтандыру жағдайдағы кітапхана ісі. Кітапхана қорын мүлтіксіз сақтау. Кітапхана қорын мүлтіксіз сақтаудың мәні. Кітапхана қорындағы құжаттарды толықтыру мен өңдеу. Жайғастыру мен пайдалану процестерінде қорғаудың әлеуметтік факторы. Бақылаудың контакті және контактісіз формаларын пайдалану. Мүлтіксіз сақтаудың технологиялық факторлары: жарық-температуралық, ылғалдылық режим, санитарлы-гигиеналық және экономикалық.

Кітапхана қорын қалыптастыруды басқаруды ақпаратпен қамтамсыз ету. КҚК ақпаратпен қамтамсыз етудің мағынасы мен мақсаты. КҚК басқарудың негізі - тұтынушылар құрамын, олардың ақпараттық қажеттіліктерімен сұраныстарын зерттеу. Кітапхана қорын пайдалануды зерттеу әдістері: кітапхана пайдаланушылары арасында тура және жанама түрдегі зерттеулер. Кітапхана қорын зерттеу. Кітапхана қорын зерттеудің әдістері. КҚК сапасы мен нәтижелігінің критерийлері. Активті қорды қалыптастырудың нәтижелігінің критерийлері. Пассивтік қорды қалыптастырудың нәтижелігінің критерийлері. Кітапхана қорын басқарудың құрлымы. Кітапхана қорын басқарудың субъекті мен объекті. Кітапхана қорын басқарудың құрлымы: басқарушы және басқарылатын жүйе бөліктері, жүйе мен ішкі орта арасындағы ақпараттық байланыстар. Кітапханалық персонал: тура және кері пропорционал байланыстар. Кітапхана қорын басқаруда ақпараттың ролі. Жоғары көтерілуші (мәліміт беретін) және төмен түсетін (басқаратын) ақпараттың ерекшеліктері. Кітапхана қорын басқару функциялары. Кітапхана қорын басқару жүйесі: статикалық, динамикалық. Кітапхана қорын басқару функциялары: жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, есептеу, бақылау және талдау. Кітапхана қорының дамуын жоспарлау. КҚК процестерін реттеу: технологиялық, статикалық, технологиялық қайтымды және қайтымдылық шаралар. Бақылау басқару функциясы ретінде. Кітапхана қорының объекті мен субъектінің әрекетін талдау-басқарудың қорытынды функциясы. КҚК бойынша басқарулық шешім қабылдау үшін талдаудың қорытындыларын пайдалану.

2. «Кітаптану, кітапханатану және библиографияның теориялық-әдіснамалық негіздері» пәні

1. Кітаптану, кітапханатану және библиографияның теориялық мәселелері. Кітаптану, кітапханатанудың зерттеу объекті ретінде. Кітаптану, кітапханатану және библиографияның жалпы теориясының мақсаты, міндеттері, аспектілері. Библиографияның әлеуметтік функциялары. Кітаптану түрлерінің пайда болу мәселелері.

2. Кітаптану, кітапханатану және библиографияның теориялық мәселелерін қалыптастырудың ғылыми және әдіснамалық алғы шарттары. Кітаптану, кітапханатану және библиографиялық білімінің ерекшелігі мен қызметтері. Оның дамуының түрлі кезеңдердегі ғылым ретіндегі басты мәселелері мен тұжырымдамалары. Библиографиятанудың әдіснамасына кітапханатану және ақпарат дамуының әсері. Ақпараттық қарым –қатынастық процесіндегі кітаптану, кітапханатану және библиографиятану ғылымдарының пәндік құрылымы мен ролі. Пәннің жаңа бағыттары. Библиографиялық қызметтегі ғылыми әдіснаманың орнын, жан-жақты қарастырады.

3. **Кітаптанудың объекті мен пәні.** Кітаптану, кітапханатану және библиографияның теориялық-әдіснамалық негіздері» - пәнінің мақсаты студенттерге кітапханатанудағы зерттеудің негізгі әдістерін, кітапхана ісінің негізгі тұжырымдамаларымен танысуды үйретіп, оларды пайдаланудағы тәжірибелік дағдыларын дамыту. Болашақ мамандарға кітапханалардың жеке типтерінің жұмыс істеу ерекшеліктерін, кітапхана ісін ұйымдастыру принциптерін, кітапханалық жүйелердің қалыптасу заңдылықтарына үйретеді.

4. **Кітапханатанудың заңдылықтары, принциптері, ғылыми тәсілдері әдісі, әдістемесі.** Кітапханатанудың заңдылықтары: қорқұру, ҚР ҰМҚ құрамын көтеру, архив қоры құрамындағы ақпараттарды бөлу.

Шынайылық принципі. Тарихилық принципі. Жан-жақтылық принципі. Кешенді бағалау принципі. Әлеуметтік-саяси бейтараптық принципі. Ғылыми шынайылық принципі.

Кітапханатанудың арнайы принциптері: қордың бөлшектенбейтіндігі, материалдарды қорішілік жүйелеу, кітапхана ісін орталықтандыру. Құндылықтарды сараптау принципі.

5. **Кітапханатанудың ғылыми тәсілдері.** Құндылықтарды сараптаудың ғылыми теориясын жасаудағы кітаптанулық және ақпараттық тәсілдер. Кітаптың «құндылығы» және «пайдалылығы» түсініктерін жіктеу. Құжаттану және кітаптану негіздері, құжат пен кітаптың типологиялық және т-құжаттық ақпаратты құру, өңдеу, тарату, сақтау және пайдалану ерекшеліктерін білу;

6. **Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі.** Әдебиеттерде ҒАА жүйесін жасау мәселесі. Кітапхана анықтамалықтарын даярлауда әдістемелік ұсыныстар. Кітапханалардың ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің жетілдірілуі. Ғылыми-анықтамалық жүйенің тиімділігі.

Ретроспективті ақпараттарды сипаттаудағы сараланған тәсіл ҒАА жүйесін құрудың әдістемелік негізі ретінде. ҒАА жүйесінің жүйелілік факторлары. ҒАА жүйесінің құрылымы. Кітапхана анықтамалықтарының түрлері және бір бірімен байланыстары. Кітапханалық ақпараттық-ізденіс жүйелерін құру.

7. **Кітаптардың құндылығын сараптаудың теориялық негіздері.** Кітаптардың құндылығын сараптаудың мәселелері тарихи әдебиетте. Кітаптардың құндылығын сараптаудың теориясының негізгі ұғымдары. ҚҚС бойынша нормативті құжаттар жүйесі мен методикалық құралдар. Сақтау мерзімдері көрсетілген типтік кітаптардың тізімінің типтері, түрлері, құрылымы. Сараптау органдары жүйесі. Сараптау-тексеру комиссиясы, сараптау комиссиясы, олардың құрамы, қызметі, жұмысын ұйымдастыруы.

Кітаптардың құндылығын сараптаудың теориялық-методологиялық негіздері, принциптері және міндеттері. Кітаптардың құндылығының критерилерін жасау, олардың дамуы мен нақтылануы. Арнайы тасымалдаушылардағы кітаптарды сараптаудың ерекшеліктері.

3. «Ақпараттық байланыс және дизайн» пәні

1. Ақпараттық байланыс құралдары. Ақпарат. Ақпарат терминінің қалыптасуы. Ақпарат дәуірі. Ақпараттың түрлері: мәтіндер, суреттер, сызбалар, фотосуреттер; жарық немесе дыбыс сигналдары; радиотолқындар; электрлік және нервтік импульстар; магниттік жазбалар; ымдар мен қимылдар; иістер мен дәм сезінулер; ағзалардың белгілері мен қасиеттері ұрпақтарға беріліп отыратын хромосомдар орталық және т.б. Ақпарат құралдары, телевизия және радио, интернет. Байланыс. Қазақстандағы байланыс жүйелері.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ). Бұқаралық ақпарат құралдарына түсінік. БАҚ түрлері, қызметі, оның саласындағы халықаралық ынтымақтастық. БАҚ жүйесінің басты міндеттері. ТМД құру туралы келісімде мүше-мемлекеттер арасында ақпарат беру, тарату еркіндігі. Газет, журнал, радио, интернет жүйелерінің ақпараттық қызметі. Бұқаралық коммуникация. БАҚ-қа қатысты қоғамдық пікірлер. БАҚ саласындағы келісімдер.

3. Ақпараттық технологиялар және оның түрлері. Ақпараттық технология, түсінігі, мақсаты. Ақпараттық технологияны қолдану барысы. Ақпараттық технология техникалық және бағдарламалық құралдардың жиынтығы. Компьютерлік технология, қолтанбалы информатика, компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру, сандық-логикалық деңгей, жадтың құрылымы, программалық жабдықтау, операциялық жүйе, компьютерлік желілер, мәліметтер қорын басқару және жобалау құралдары, WEB-қосымшаларын өндеудің технологиясы, алгоритмдік тілдер және олардың классификациясы, ақпаратты қорғаудың негізі, техникалық тапсырмаларды өндеу принциптері және бизнес-процесстерге талдау және құрастыру технологиясы. Мультимедиялық қосымшаларды құрудың технологиясы. Ақпараттық технологияларды мамандықтарға сәйкес үйрету.

4. Ақпараттық жүйелердің түрлері. Ақпараттық жүйелердің түрлері, қызметі, ақпарат алу және тарату әдістері. Ақпарат-маркетинг зерттеулер. Құжат айналымының өсу тенденциясы және XIX ғ. заңнамада оны қысқарту туралы іс шаралар. Ақпараттық жүйе түрлері: ақпараттық-құқықтық жүйелер, геоақпараттық жүйелер, экономикалық-қаржылық жүйелер, техникалық-жобалау жүйелері, ғылыми-техникалық жүйелер, оқу-білімділік жүйелердің қоғамдағы орны. Электрондық ақпараттық жүйе. Электрондық ақпараттық жүйенің сақталуы және бөлінуі. Желілік ақпараттық жүйелер. Желілік ақпараттық жүйелердің артықшылығы мен кемшілігі. Ақпаратты іздеу жүйесі. Мәліметтерді өндеу жүйесі. Библиографиялық ақпараттық жүйе.

5. Ақпараттық қоғам және интернет. Ақпараттық қоғам түсінігі. З. Бжезинский, Д. Белл, А. Тоффлер және т.б. теориялары. Ақпараттық қоғамның дамуы. Экономикалық саладағы ақпараттық қоғамның орны мен рөлі. Компьютерлік төңкеріс. Виртуальды шынайылық. Интернет жүйесі және оның пайда болуы, қалыптасуы. Компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі. Ақпараттық байланыс құралы ретіндегі интернеттің рөлі. Қазақстанда интернет жүйесінің дамуы. Интернеттік қызмет түрлері.

6. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін құру, пайдалану және жетілдіру қағидалары. Ақпараттық желі. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін құру тәртібі. Ақпараттық жүйелердің басты қызметі. Ақпараттық жүйелердің қасиеті. Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін пайдалану және жетілдіру тәртібі. Ақпараттың меншік иелері.

7. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы экономикалық ақпараттық қарама қайшылықтар. Экономикалық ақпараттық қарама қайшылықтар. Ақпараттық ағын. Ақпараттық шиеленіс. Қайшылықтар.

8. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі ақпараттық технологиялар. Ұйымдастырушылық қызметтер, ақпараттық технология саласындағы негізгі міндеттері. Желілік қауіпсіздікті сақтау. Киберқылмыскерлермен күрес. Вирустық бағдарламалар.

9. Дизайн және ақпараттық байланыс. Дизайн түсінігінің пайда болуы мен тарихы. Дизайн термині мен теориясы. Дизайның түрлері. Дизайн қызметінің ерекшелігі. Дизайн саласының дамуы. Дизайнерлер. Дизайндегі пішін қалыптасу принципі. Дизайның негізгі қағидаттары. Дизайның ақпаратпен байланысы, дизайн қызметінің ерекшелігі, анимизм, интерпретация, кскіндеме, құрылымдылық, материалдық мәдениет, мәдениет құрылымы, стиль, талант, дарын, өркениет, шедевр, эволюция. Ақпараттық байланыс саласындағы дизайның орны.

10. Ақпараттық Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы. Ақпараттық даму стратегиялары, кешендік бағдарламалар, әлемдік тәжірибелер. Шетелдік байланыстар жүйесі. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламаның мерзімі мен басты міндеттері. Бағдарламаның негізгі бағыттары.

11. Электрондық үкімет және оның негізгі қызметі. 2005-2007 жж. Қазақстан Республикасында «электронды үкімет» құрудың мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 10.11.2004). Электрондық үкімет және оның негізгі қызметі. Электрондық үкіметті дамыту барысы. Электрондық қызмет көрсету. Қазақстанда электрондық құжат айналымын ұйымдық жобалаудың заңдық-нормативтік базасы.

12. Әлемдік дағдарыс жағдайындағы саяси коммуникация. Ақпараттық қоғам және адам. Дағдарыс жағдайы, саяси коммуникация ерекшеліктері. Әлемдік дағдарыс жағдайындағы саяси коммуникация. Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігі. Саяси коммуникацияның дағдарыс кезіндегі ақпараттық саясатты жүзеге асырудағы қызметі мен рөлі. Ақпарат құндылығы, адам мен қоғам. Ақпарат ағымындағы тұлға. Ақпараттық саясат. Ақпараттық саясатты жүзеге асырудағы шетел тәжірибені қолдану.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Нұржанова Г.И., Нұрахметова К.Г. Кітапханатану, Оқу құралы./-Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013.-168 б.
2. Нұрахметова К.Г. Жалпы кітапханатану: Оқу құралы. – Алматы, 2000. – 60 б.
3. Карташов Н.С. Региональное библиотековедение: Научно-методическое пособие.- М.,2004.
4. Карташов Н.С., Скворцов В.В. Общее библиотековедение:Учебник.-М.-Издательство МГУК. -2004г.
5. ГОСТ 7.60-2003. Издания. Основные виды. Термины и определения: межгос.стандарт. – введ. 2004-07-01 // Стандарты по издательскому делу / сост.: А.А.Джиги, С.Ю.Калинин - 3-е изд. – М.: Экономисть, 2004. – С. 191-208.
6. Плешкевич Е.А. Основы общей теории документа / Е.А.Плешкевич. – Саратов: Науч.книга, 2005. – 242 с.
7. Стандарты по издательскому делу / сост.: А.А.Джиги, С.Ю.Калинин- - 3-е изд. – М.: Экономисть, 2004. – 622 с.
8. Швецова-Водка Г.Н. Общая теория документа и книги: учеб.пособие. – М.: Рыбари; К.: Знания, 2009. – 487 с.
9. Столяров Ю.Н.Библиотечный фонд: учебник.-М.: Книжная палата, 1991. - 271с.
10. Столяров Ю.Н. Библиотечный фонд правовой документации: учеб.практ.пособие. - М.: Либерея. 2003. – 256 с.
11. Столяров Ю.Н. Защита библиотечного фонда: учеб.пособие. -М.: ФАИР-Пресс, 2006- 504 с. (Специальный издательский проект для библиотек).
12. Терешин В.И. Библиотечные фонды: учебник.-М.: Профессия.-2000.-174с.
13. Терешин В.И. Информационные фонды: учеб.пособие.: М., 1991.-52с
14. Бахтурина Т.А. Одноуровневое библиографияческое описание // Библиотека. – 2004. - № 6.- С.37-40.

- 15 Информатика. Энциклопедия. Бидайбеков Е.Ы., Шабаева Д.Н., Шекербекова Ш.Т., Курмангалиева Н.А. – Алматы, 2016. - 415 с.
- 16 Симонович С.В. Общая информатика. Спб., 2007. – 428 с.
- 17 Розенсон И.А. Основы теории дизайна. Учебник для вузов. СПб., 2003. – 220 с.
- 18 Быстрова Т.Ю. Философия дизайна. Учебно-методическое пособие. – Екатеринбург, 2015. -128 с.
- 19 Ковешникова Н.А. Дизайн: история и теория. М.: Омега-Л, 2005. 224 с.
- 20 Турганбаева Л.Р. Очерки истории материальной культуры и дизайна: Алматы. Фонд «Сорос» 2002.
- 21 Рассел Эш. Әлемнің ұлы кереметтері. Алматы: «Алматыкітап», 2007. - 64 бет, суретті.

Қосымша әдебиеттер:

1. Абузарова А. Ж. Управление фондами библиотек Республики Казахстан: состояние, проблемы, рекомендации // Книголюб.-2002.-1-15 июля.- С.27.
2. Бойкова О.Ф. Библиотечная практика и авторское право: науч.-практ.пособие.-М.: Либерия, 2004.-120с.
3. Ключев В.К, Тартаковская Г.И. Комплексная система экономической защиты библиотечного фонда: метод. пособие.- М.: 1995.-35 с.
4. Білім жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құрал. = Методические пособия по библиотечному делу для библиотек системы образования / ҚР Білім және ғылым министрлігі. = Мин-тво образования и науки РК, РНПБ. - Астана: Фолиант, 2000.- 208 с.
5. Григорьев Ю.В. Теоретические основы формирования библиотечного фонда: учеб.пособие.-М.:МГИК, 1973.- 88 с.
6. Қазақстан көпшілік кітапханасына арналған кітап қоры өзегі / Құраст. Б.Шаймерденова; Ред. А.Қ.Маметова.-Алматы, ҚРҰК.- 1993.- 65 б.
7. Основные правила хранения и использования библиотечных фондов, разработанные ИФЛА / Сост. И ред. Э.П.Эдкок при участии М.Т. Варламоф и В. Кремп; Межд.Федерация библиотечных ассоциаций и учреждений. Основная программа «Сохранность и консервация». –М.: Рудомино, 1999.-72 с.
8. Столяров Ю.Н.Библиотечный фонд: учебник.-М.: Книжная палата, 1991.-271 с.
9. Столяров Ю.Н. Библиотечный фонд правовой документации: учеб.практ.пособие.-М.: Либерия. 2003.-256 с.
10. Столяров Ю.Н. Защита библиотечного фонда: учеб.пособие. - М.: ФАИР-Пресс, 2006. -504 с.
11. Митрофанова С.В. Учет библиотечных фондов: метод. пособ..- М.: ИПО Профиздат, 2001.- 160 с.
12. Стандарты по библиотечно-информационной деятельности / Сост.Т.В. Захарчук., О.М. Зусьман. - СПб.: Профессия, 2003. -576 с.
13. Столяров Ю.Н. Как сохранить библиотечный фонд: учебно-мет.пособие.-2-е изд., дораб.и до п.-М.: ИПО Профиздат. Изд-во МГУКИ, 2001.-255 с.
14. Формирование и развитие библиотечных фондов: сб.науч. ст. / Сост.: Б.Р.Иманбаева, К.А.Кабдолдина и др.- Алма-Ата.-1991.-79 с.
15. Терешин В.И. Библиотечные фонды: учебник.-М.: Профессия.-2000.-174 с.
16. Терешин В.И. Информационные фонды: учеб.пособие.: М., 1991.-52 с.
17. Шаймарданова З.Д., Мендыгожина С. Обзор национальных программ сохранности библиотек мира // Национальная библиотека: люди, факты, работа/ НБРК.-Алматы,2000.- С. 222-242.
18. Шаймарданова З.Д. Новые подходы к организации хранения и использования библиотечно-информационного фонда // Ұлттық кітапхана.-2009. -№1. – С.52-57.

19. Шилов В.В. Учет и переоценка библиотечных фондов. Нормирование недостаич: Ответы на письма читателей // Библиотека и закон. - М., 2000.- №8.-С.198-215.
- 20 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет
- 21 История искусств Казахстана. К.К.Муратаев, Т.А.Кылышбаев, А.Г.Глаудинова, А.С.Галимжанова. Алматы. «Ата-мура» 2006 ж.
- 22 Орельская О.В. Современная зарубежная архитектура М.: Издательский центр «Академия», 2006.
- 23 Готтенрот Ю.Ф. Иллюстрированная история материальной культуры. М.: ООО «Издательство АСТ»; СПб.: «Издательство «Полигон», 2001. - 478 с: илл.

Түсу емтиханның нәтижелерін бағалау критеріі

Бағалаудағы негізгі принциптер – объективтілік, докторанттардың белгілі мәселе жөнінде творчестволық тәсілмен өзіндік тұжырымдар жасап, ұсыныстар бере білуі.

Түсу емтихан сұрақтары Базалық міндетті, базалық элективті және кәсіби элективті модульдер пәндеріндегі негізгі өзекті сұрақтар негізге алынған. Әрбір сұрақ 1 пәнге сәйкес келіп, 20-25% ретінді бағаланады. Балл бойынша 4 сұрақтың жалпы қосындысы – 100% құрайды.

Пәндер мазмұнына қойылатын негізгі талаптар

Докторант білуі керек: археология және этнология ғылымдарының іргелі мәселелері, аталмыш тақырып бойынша әдіснамалық негіздер, жалпы мәселелерін және оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау мен ұйымдастырудың, талдаудың қазіргі технологияларын білуі қажет.

Докторант пән бойынша материалдарда бағыт-бағдары болуы тиіс. Мәселелерді қою және құрастыра білуі тиіс. Ол жоғарғы оқу орнындағы оқу процесіндегі оқытушылар мен студенттер арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынастың коммуникативтік технологияларды меңгеруі қажет.

«**Өте жақсы**» – Докторант 95-100% нәтижеге билеттегі сұрақтардың бәріне толық, нақты, дәлелді жауаптар берумен бірге, қосымша сауалдарға қысқа, жинақы жауап беруі тиіс. Қажетті әдебиеттерді, олардың авторлары мен жекелеген ой-тұжырымдарын шынайы баяндауы қажет. Барлық сұрақтардың жауабын саралай келе докторанттың білімінің тереңдігі, пәннің ерекшелігін түсінуі және ойды мазмұндау жүйесінің тереңдігі бойынша сарапталады. Докторант осылардың біреуін толық орындалмаған жағдайда 90-94% нәтиже қойылады. Егер де докторант сұрақтардың біреуіне толық жауап бермесе немесе оның жауабы комиссия мүшелерін қанағаттандырмаса, онда тиісті нәтижеге байланысты қосымша сұрақтар беріледі.

«**Жақсы**» – 85-89% билеттегі көрсетілген сұрақтарға жан-жақты жауап болмаған жағдайда немесе докторанттың білім деңгейіне байланысты қойылған сұрақтардың кейбіреуіне нақты, анық жауаптар берілмеген жағдайда осындай балл есептелінеді. 80-84 % көрсеткіші бойынша кейбір сұрақтар қатысты жауаптардың комиссия мүшелерінің ортақ көзқарасына сай келмегендіктен, олардың ортақ пікірі бойынша білім деңгейі осылай бағаланады. Қойылған қосымша сұрақтарға толық қанағаттанбаған жағдайда осы көрсеткіш қойылады. 75-79% билеттегі сұрақтардың кейбіреуіне толық, жан-жақты жауап бермеуі ескеріледі. Жауап кезіндегі көптеген қателіктер айқындалып, оған тиісті ескертулер жасалады. Докторанттың билеттер сұрақтарына жауабы толық шықпағандықтан қосымша сұрақтарға қойылған жауаптары сараланады.

«**қанағаттанарлық**» – пайыздық есеппен докторантқа 50-74% бағасы сұрақтарға жауап бергенмен мәселенің теориялық-методологиялық жағынан терең білім көрсетпесе және мәселе бойынша өзіндік тұжырымдар жасай алмаған жағдайда қойылады.

Білімді бағалау шкаласы:

| Әріптік жүйе бойынша баға | Балдардың сандық эквиваленті | %-дық құрамы | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|--------------------------------|------------------------------|----------------|--|
| A | 4,0 | 95-100 | «Өте жақсы» |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | «Жақсы» |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | «Қанағаттанарлық» |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | «Қанағаттанарлықсыз» |
| I (Incomplete) | - | - | «Пән аяқталмаған» (GPA санағанда есептелмейді) |
| P (Pass) | - | 0-60 65-100 | «Сынақ» (GPA санағанда есептелмейді PA) |
| NP (No Pass) | - | 0-29 0-64 | «Сынақтан өтпеді» (GPA санағанда есептелмейді) |
| W (Withdrawal) | - | - | «Пәннен бас тарту» (GPA санағанда есептелмейді GPA) |
| AW (Academic Withdrawal) | | | «Академиялық себептермен пәннен шығарылуы» (GPA санағанда есептелмейді) |
| AU (Audit) | - | - | «Пән тыңдалды» (GPA санағанда есептелмейді) |